

СӘТБАЕВ  
УНИВЕРСИТЕТІ



SATBAYEV  
UNIVERSITY

## Докторантура

### *Қабылдау шарттары*

Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 08 маусымдағы № 237 бұйрығымен толықтырылған Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Типтік ережелеріне сәйкес:

- қабылдау комиссиясы ағымдағы жылдың **3 шілдесінен 3 тамызына дейін** жалғасады;
- бейін бойынша қабылдау емтихандары **4 - 20 тамыз** аралығында өтеді;
- докторантураға қабылдау **28 тамызға** дейін.

Үміткерлердің ғылыми және педагогикалық бағыттағы «магистр» академиялық дәрежесі, сонымен қатар мамандандырылған салада **кемінде 1 жыл жұмыс өтілі** болуы керек.

Бейінді бағыттағы магистратураны бітірген магистрант PhD докторантурасына педагогикалық бейіндегі бағдарламаларды қосымша меңгерген жағдайда ғана қабылдана алады.

Докторантураға түсу үшін еуропалық құзыреттерге (стандарттарға) сәйкес ағылшын меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттың болуы міндетті шарт болып табылады:

- TOEFL ITP - 460 баллдан кем емес;
- TOEFL IBT шекті балл - 46 баллдан кем емес;
- TOEFL PBT шекті балл - 453баллдан кем емес;
- IELTS (Academic) шекті балл - кемінде 5.5.;
- DuolingoEnglishTest шекті балл – кемінде 85;
- CEFR (Common European Framework of Reference) шекті балл – B2;

Сәтбаев университетінде ETS Global (<https://www.etsglobal.org/Global/Eng>) компаниясының халықаралық сертификаттар бере отырып, TOEFL ITP, TOEIC® тесттерін өткізу жөніндегі ресми өкілі **UCOK TOEFL Centre Satbayev University** ашылды:

Алматы қаласы, Сәтбаев көшесі, 22, Сәтбаев университеті, Бас оқу ғимараты, +7 775 772 53 41.

СӘТБАЕВ  
УНИВЕРСИТЕТІ



SATBAYEV  
UNIVERSITY

**TOEFL ITP тесті жөнінде толық ақпарат алу үшін төменде көрсетілген сілтемені басыңыз: [https://www.ets.org/s/toefl\\_itp/pdf/itp-practice-test-level-1-volume-1-ebook.pdf](https://www.ets.org/s/toefl_itp/pdf/itp-practice-test-level-1-volume-1-ebook.pdf)**

**Емтиханның бірінші кезеңі 2020 жылдың 7 шілдесінде өтеді. Емтиханның бірінші кезеңіне өтінімдер 2020 жылдың 21 маусымына дейін қабылданады. Емтиханның екінші кезеңі 2020 жылдың 14 шілдесінде өтеді. Емтиханның екінші кезеңіне өтінімдер 2020 жылдың 28 маусымына дейін қабылданады.**

***Қабылдау үшін құжаттар.***

Докторантураға түсу үшін **3 тамызға дейін** Сәтбаев университетінің қабылдау комиссиясына құжаттардың толық тізімін тапсыру қажет:

1. университет ректорының атына өтініш (еркін нысанда);
2. білімі туралы құжат (түпнұсқа, құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде);
3. жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
4. жұмыс орны бойынша кадр қызметі куәландырған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы немесе еңбек қызметін растайтын өзге де құжат;
5. 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;
6. 086-У нысанындағы медициналық анықтама;
7. Шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат;
  - а. Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығын және қолданылу мерзімін Сәтбаев университетінің қабылдау комиссиясының қызметкерлері тексереді.
8. соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізімі (ғылыми жарияланымдар, зерттеу жоспары, эсселер және басқа да құжаттар);
9. қысқаша ғылыми жоба (Research Proposal);
10. ғылыми жетекшінің диссертацияға жетекшілік жасауға жазбаша келісімі, жұмыс орнынан мөрмен расталған (мүмкіндігінше);
11. мотивациялық хат (кемінде 250 сөз, Times New Roman 14 шрифт, интервал 1,5).

СӘТБАЕВ  
УНИВЕРСИТЕТІ



SATBAYEV  
UNIVERSITY

Құжаттардың көшірмелерімен бірге олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстырып, тексеру жүргізілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары қайтарылады.

***Докторантураға қабылдау.***

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша докторантурада оқуға конкурстық негізде қабылдау емтиханы бойынша мүмкін болатын 100 баллдан кемінде 75 балл жинаған тұлғалар қабылданады.

Докторанттардың қатарына қабылдау докторантураға арналған білім беру бағдарламалары топтарына қабылдау емтиханы және жалпы еуропалық күзіреттіліктерге (стандарттарға) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын сертификат негізінде қабылдау комиссиясы арқылы жүзеге асырылады.

Конкурстық баллдардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда докторантураға қабылдау кезінде білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша неғұрлым жоғары бағасы бар тұлғалар басым құқыққа ие болады. Одан кейін білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін ғылыми жетістіктер ескеріледі: ғылыми жарияланымдар, соның ішінде соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ClarivateAnalytics компаниясының Webofscience деректер базасының JournalCitationReports мәліметтеріне сәйкес рейтингтік ғылыми басылымдарда 1 және 2 квартильге енетін жарияланымдар; ғылыми әзірлемелер туралы куәліктер; ғылыми стипендиялар, гранттар беру жөнінде сертификаттар; ғылыми конференциялар мен конкурстарға қатысқаны үшін грамоталар/дипломдар.

Докторанттар қабылдау кезінде білім беру бағдарламаларының сәйкес тобынан білім беру бағдарламасын өздері таңдайды.